

АРХЕОЛОГ, ШЫҒЫСТАНУШЫ ҒАЛЫМ САҒЫНТАЙ СҰҢҒАТАЙ

© 2019 г. М.Х. Әбусейітова, Ж. Ошан

Археолог, шығыстанушы Сағынтай Сұңғатай 2019 жылы 9 ақпанда қайтыс болды. Бірнеше тілде (қазақ, қытай, ұйғыр) еркін сөйлеген зерттеуші артына қомақты еңбектерін мұраға қалдырды. Ғылыми жұмысын 1990 жылдары Іле өңірін ерте темір дәуірінде қоныстанған халықтардың мәдениетін зерттеуден бастаған ол, Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізген кезде, өзінің тарихи Отанына оралуға атсалысты әрі ғылыми жұмысты өз елінде жалғастырды. Ол Қазақстан мен Қытайда көп жыл далалық жұмыстармен шұғылданды әрі үлкен тәжірибелер жинады. С. Сұңғатай саналы ғұмырында қытай-америкалық, қазақ-француздық, қазақ-француз-италиялық және ресейлік-қазақстандық қатарлы төрт үлкен халықаралық экспедицияға қатысуға мүмкіндік алды. Өмірінің соңғы жылдарында С. Сұңғатай ҚР БҒМ Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтында жұмыс істеді. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жобаларды жүзеге асыруға белсене қатысып, қытай, манжур, ойрат, шағатай тілдерінде жазылған Қазақ хандығының тарихына қатысты 3500-ден астам құжатты анықтауға өз үлесін қосты.

Түйін сөздер: археология, С. Сұңғатай, археолог, шығыстанушы, экспедиция, аударма

Сағынтай Сұңғатайұлы 1967 жылы 28 ақпанда қазіргі ҚХР ШҰАР Санжы облысы Фукаң ауданында дүниеге келген. Ол 1989 жылы Шынжаң университетінің Тарих факультетін бітіргеннен кейін еңбек жолын Шынжаң Ғылым академиясы Археология институтында бастайды. 1990–1991 жылдары ҚХР ШҰАР қоғамдық ғылымдар академиясы Археология институты ұйымдастырған Оңтүстік Шынжаң археологиялық экспедициясының құрамында Қызылсу қырғыз облысы Ақши, Ұлықшат, Ақтау аудандарында археологиялық барлау және қазба жұмыстарын атқарады. Сол жылы профессор Ван Бинхуа мен Роберт Ньюман басшылық

еткен Қытай-Американ біріккен археологиялық-этнографиялық экспедициясы құрамында Іле Қазақ автономиялы облысының Іле, Тарбағатай, Алтай аймақтарында жүргізілген археологиялық және этнографиялық барлау-тексеру жұмыстарына қатысады. 1992–1993 жылдары аралығында белгілі археолог Люй Эньго мен Чжан Те-нань жетекшілік еткен экспедиция құрамында Тұрфан аймағындағы Субашы, Яңхай қорымдарында жүргізілген «Субашы мәдениетіне» жататын көне жұрттарда қазба жұмыстарға қатысады. 1994 жылы Го Цзяньго басшылығындағы Құмыл (Хами) археологиялық экспедициясы құрамында болады әрі Құмыл аймағына қарасты Баркөл



*Сағынтай Сұңғатай
(Фото А.Х. Марғұлан атындағы
Археология институты
архивтен алынған)*

*Sagyntay Sungatay (Photo from the
archives of the A.Kh. Margulan Archeology
Institute)*

Қазақ автономиялы ауданы мен Аратүрік аудандары аумағындағы Ақтас, Ханьчигоу, Цзюньмачан қатарлы ерте темір дәуіріне жататын қорымдарда жүргізілген «Янбулақ мәдениеті» деп аталған көне мәдениет жұртында жүргізілген қазба жұмыстарға қатысып, құнды кәсіптік тәжірибелер жинақтайды.

Сағынтай Сұңғатай Қазақстан егемендігін алған кезде алғашқылардың бірі болып тарихи Отанына оралған қазақтың бірі. Ол 1994 жылы Қазақстанға ат басын тірегеннен кейін, 1994–1997 жылдар аралығында ҚР ҰҒА Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтында аспирантурада оқыды. 1994 жылдың 10 қазанына бастап тарих ғылымдарының докторы А.Х. Марғұлан атындағы Археология

институтының директоры Қ.М. Байпақовтың бұйрығымен С. Сұңғатайдың ғылыми жетекші болып К.А. Ақышев тағайындалды. Диссертация тақырыбы: «Ежелгі Усунның материалдық және рухани мәдениеті (б.д.д. II ғ. – V ғ.)» деп белгіленіп, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының 1994 ж. 16 қарашада өткен ғылыми кеңесінің отырысында мақұлданды* [*Ред. ескертпесі]. 1998 жылдан бастап Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтында, кейін Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтында ғылыми жұмыстармен шұғылданды.

С. Сұңғатай өзінің тарихи Отанына оралған алғашқы жылдардан бастап-ақ Қазақстанның археология саласындағы өз жұмысын бастап кетті. 1994 жылы Б. Нұрмұханбетовтің жетекшілігіндегі экспедиция құрамында Алматы облысы аумағындағы Шарын өзені бойында және Қарғалы кентінде жүргізілген қазба жұмыстарына қатынасты. Келесі жылы, яғни 1995 жыл 3. Самашев басшылығындағы Қазақ-Француз біріккен археологиялық экспедициясының құрамында Жетісу Алатауы бөктеріндегі Баянжүрек археологиялық кешеніндегі экспедициялық жұмыстарға, 1997 жылы Шығыс Қазақстан облысы Большенарым ауданындағы Майемер қорымында жүргізілген қазба жұмыстарына қатысты.

Археолог ғалым С. Сұңғатай өміріндегі олжалы оралған экспедициялық жұмыстың бірі 1998–2000 жылдары аралығында Қазақ-Француз-Италия біріккен экспедициясының Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауданы Берел қорымында жүргізілген кешенді археологиялық қазба

жұмысы болатын. Еліміздің беделді археологтары қатарында С. Сұңғатай қатысқан бұл реткі ғылыми экспедиция құрамында еліміз археологтарынан тыс бірқатар елдердің беделді археологтары мен ғылымның әр саласының мамандары болды. Кезекті халықаралық экспедиция Алтайдың қақ төрінен бұдан 24 ғасыр бұрын өмір сүрген көшпелі сақ тайпасының көсемі жерленген мәңгілік тоң басқан патша обасын қазып, одан бірегей археологиялық олжаларды тапты. Берел обасындағы ерекше жерлеу құрылысы, онан табылған аса бай ақыреттік заттар, тоң астында бұзылмай сақталған адам және сайкүлік ат мүрделері, сәнді ат әбзелдері мен алуан түрлі өнер бұйымдары елімізде ғана емес, шетелдерде де орасан зор қызығушылық туғызды. Ол туралы сол тұстағы Франция, Италия сынды батыс елдерінің мерзімді баспасөзі «XX ғасырдың археология ғылымындағы ең соңғы әлемдік ғылыми сенсациясы» деп бағалап жатты. С. Сұңғатайдың бұл жылдары атқарған жұмыстары мұнымен ғана шектелген жоқ, аталған жылдардың кезекті археологиялық маусымдарында Шығыс Қазақстан облысы Күршім және Зайсан ауданы аумағында Қазақстан-Ресей біріккен Марқакөл археологиялық отрядын бастап, аталған өңірден Шеміршек мәдениетінің және ерте темір дәуірінің ескерткіштерін барлады, тексеріп-анықтады және қазба жұмыстар жүргізді. Бұл жұмыстардың нәтижелері Ресейдің беделді ғылыми басылымдарында жарияланды.

Сағынтай Сұңғатайдың ғылыми зерттеу ауқымы өте кең, ол өзінің

саналы ғұмырында Орталық Азия елдерінің ерте темір дәуірі мен орта ғасырлардағы археологиялық мәдениеті, ежелгі дәуір мен орта ғасырлардағы Еуразия даласының этномәдени үрдістері, тарихи-мәдени дәстүрлер сабақтастығы, палеоэтнография және деректану т.б. ғылыми бағыттарда еңбек етті. Біз бұл жерде оның тарих ғылымының аса маңызды бір саласы болып саналатын деректану бағытында атқарған еңбегін айрықша бағалай аламыз. Елбасымыздың тікелей бастамасымен қолға алынған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын орындау барысында ол ҚР БҒМ Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтында бізбен бірге еңбек етті. 2004–2005 жылдары Институт жасақтаған ғылыми экспедиция құрамында ҚХР Пекин, Нанкин, Си-ань, Тайюань, Үрімжі, Құлжа қалаларында және Моңғолияның Ұланбатыр қаласы мен Баянөлги аймағында тарихи-архивтік және археологиялық материалдарды жинау, зерттеу жұмыстарына қатысты. Ғылыми экспедициялық топ бұл жолы ҚХР Пекин қаласындағы Гугун архивінде XVIII–XIX ғасырларда хатталған Қазақ хандығына қатысты қытай, маньжур, ойрат, шағатай тіл-жазуында жазылған 3500 ден астам архив құжаттарын тапты. Кейін келе бұл құжаттардың Қазақ хан-сұлтандарының Циң империясының патшасына, патшалықтардың Құлжа мен Тарбағатайдағы ұлықтарына жолдаған хаттары, өзара саудасаттық, шекаралас аймақтардағы азаматтық-қылмыстық дауларға, елшілік қатынастар мен шекара мәселелеріне қатысты құжаттар екені анықталды. Экспедициялық іссапар

кезінде ҚХР-ның солтүстік-батыс өлкелерінен табылған археологиялық материалдар да молынан жинақталып, елге жеткізді және отандық тарих ғылымына айналымға енгізілді. Бұл дүниелердің барлығы Қазақстанның ежелгі тарихы мен мәдениетіне тікелей қатысты аса құнды ғылыми материалдар болатын.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының келесі кезектегі жұмыстары алыс-жақын шетелдерден елге жеткізілген Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне қатысты деректерді жүйелеп, аударып, арнаулы топтамалар бойынша баспадан шығарумен өз жалғасын тапты. Бұл жолы да Сағынтай Сұңғатай ауқымды еңбек етті. Ол «Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері» I т. (Саяхатнамалар мен тарихи-географиялық еңбектерден таңдамалылар) және «Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері». II т. (Тарихи-мәдени жәдігерлер) қатарлы екі томның жұмысына қатынасып, қатысты деректемелерді көне қытай тілінен мемлекеттік тілге аударып, ғылыми түсініктемелер мен ескертпелер жазу негізіндегі кешенді деректанулық зерттеулерді жүргізді.

Жалпы С. Сұңғатайдың еңбектері осы ғана емес, өзінің шекті ғұмырын туған халқының тарихын зерделеуге арналған ғалымның қазақ, қытай, орыс, ұйғур тілдерінде жазған



*К.М. Байпақов және С. Сұңғатай.
Құлжа мұражайы, 2008 ж.
Фото К.М. Байпақовтың жеке архивінен алынды*

*К.М. Baipakov and S. Sungatay
in the museum Gulja, 2008.
Photo from the family archive of K.M. Baipakov*

50-ден астам ғылыми мақаласы мен 40-тан астам энциклопедиялық және ғылыми-танымдық мақалалары түрлі басылымдарда жарияланды және бірқатар республикалық және халықаралық ғылыми конференцияларда оқылды.

Археолог, шығыстанушы, аудармашы Сағынтай Сұңғатайдың Қазақстан ғылымына берері әлі де көп еді. Бірақ, дәл қазір ол біздің арамызда жоқ. Ол 2019 жылдың 9 ақпанында мәңгілік сапарға аттанып кете барды. «Ғалымның

хаты өлмейді» демекші оның артында өшпес мұрасы – «хаттары» қалды. Біз күні кеше ғана бірге жүрген Сағынтай әріптесімізді сағына еске ала отырып, оның ғылыми өмірі

мен шығармаларын қысқаша ғана таныстырып өттік. Мұрқұмның жаны жәннәтта болсын деп дұға-тілегімізді білдірдік.

Авторлар туралы мәліметтер:

Әбусейітова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, директор, Тарихи материалдарды зерттеу орталығы, Р.Б. Сулейменов атындағы Шығыстану институты (Алматы қ., Қазақстан); mabusseitova@hotmail.com

Ошан Жынымхан – тарих ғылымдарының кандидаты, бөлім меңгерушісі, Азия-Тынық мұхиты аймағы бөлімі, Р.Б. Сулейменов атындағы Шығыстану институты (Алматы қ., Қазақстан); zhan918@mail.ru

Сағынтай Сунгатай – археолог, востоковед

М.Х. Абусейітова, Ж. Ошан

Археолог и востоковед Сағынтай Сунгатай ушел из жизни 9 февраля 2019 г. У исследователя, свободно владевшего несколькими языками (казахским, китайским, уйгурским), осталось много нереализованных замыслов. Среди них – изучение культуры населения раннего железного века Иле, которой он серьезно занимался с середины 1990-х годов, когда с обретением Казахстаном независимости принял серьезное намерение вернуться на свою историческую родину. За плечами исследователь имел большой опыт полевой работы, приобретенный как в Китае, так и в Казахстане. С. Сунгатай довелось принимать участие как минимум в четырех международных экспедициях - китайско-американской, казахско-французской, казахско-французско-итальянской, российско-казахстанской. В последние годы жизни С. Сунгатай работал в Институте востоковедения им. Р.Б. Сулейменова КН МОН РК. Он принимал активное участие в реализации проектов в рамках программы «Культурное наследие», выявил более 3500 документов по истории Казахского ханства, написанных на китайском, маньжурском, ойратском, чагатайском языках.

Ключевые слова: археология, С. Сунгатай, археолог, востоковед, экспедиция, переводы

Sagyntay Sungatay – archaeologist, orientalist

M.Kh. Abuseitova, Zh. Oshan

Sagyntay Sungatay, the archaeologist and orientalist died on the 9th of February 2019. The researcher, who was fluent in several languages (Kazakh, Chinese, Uigur), had a lot of unrealized ideas. Among them is the Early Iron Age Ile population culture study, which he seriously engaged in since the mid-1990s, when with the attainment of independence by Kazakhstan, he took a serious intention to return to his historic homeland. The researcher had extensive field experience, acquired both in China and in Kazakhstan. S. Sungatay had a chance to take part in at least four international expeditions – Chinese-American, Kazakh-French, Kazakh-French-Italian, Russian-Kazakh. In the last years of his life S. Sungatay worked at the Institute of Oriental Studies named after R.B. Suleimenov of the Science Committee of the Ministry of Education and Science

of the Republic of Kazakhstan. He took an active part in the implementation of projects under the program “Cultural Heritage”, revealed more than 3500 documents on the history of the Kazakh Khanate, written in Chinese, Manchu, Oirat, Chagatai languages.

Keywords: archaeology, S. Sungatay, archaeologist, orientalist, expedition, translations

About the Authors:

Abuseitova Meruyert Kh. Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director, Republican Centre for the Study of Historical Materials, Suleymenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan; mabusseitova@hotmail.com

Oshan Zhanymkhan. Candidate of Historical Sciences, Head of the Department, Department of the Asia-Pacific Region, Suleymenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan; zhan918@mail.ru